

## ҚАЗАҚ САЯСИ ТАРИХЫНЫҢ БІРЕГЕЙІ-АХМЕТ БІРІМЖАНОВ.

Әбдіразақ Шадияр, «Тарих» мамандығы 4 курс студенті

Ғылыми жетекші: PhD доктор Байдалы Рауан

Ө.Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті

XX ғасырдың басында қазақ халқы саяси аренаға, азаттық пен тәуелсіздіктің күрес жолына, ағартушылыққа шақырған ірі қоғам қайраткерлерін шығарды. Ел арасынан өздерінің табиғи дарынымен, асқан білімділік деңгейімен, рухани парасатымен суырылып шыққан алаш азаматтары ұлт болашағы үшін жан аямай тер төгіп, бостандық пен бақытты өмір жаршыларының тұңғыш қарлығаштары бола білді [1, 23-24].

Коммунистік-тоталитарлық жүйе заманында жарық көрген әдебиеттерде көптеген ірі қайраткерлеріміз ақтай қараланды, тіпті олардың есімдерін атауға тыйым салынды. Осындай тұлғалардың бірі – қазақтан шыққан тұңғыш сот Ахмет Бірімжанов болатын. XX ғасыр басында Қазақстанның қоғамдық-саяси құқықтық ой-пікірінің дамуына елеулі үлес қосқан қайраткердің бірі – Ахмет Бірімжанов. Оның есімі, ғұмыры, қоғамдық-саяси қызметі қазақ тарихынан біршама таныс және осы күнге дейін бірнеше авторлармен аз да болса зерттелген. Өкінішке орай, ғалымдар осы күнге дейін Ахмет Бірімжановтың еңбектерінен туындайтын проблемаларды жеке тақырып ретінде зерттеген емес. Бірақ, байқап қарасақ, ойшылдың құнды тұжырымдары, зерделі ұшқыр ойлары, этнография, тұрмыс, тарих, дін, публицистика сияқты қоғамдық ғылымдардың салаларының өзекті мәселелерін қамтығанын аңғарамыз. Сонымен қатар, А.Бірімжановтың еңбектерінде ұлттық прогресс және отаршылдыққа қарсы бағытталған мемлекеттік-құқықтық даму мәселелері де ерекше орын алды [3].

Қазан төңкерісіне дейін орыс университеттерінен дәріс алып, заң факультеттерін тәмамдаған қазақ қайраткерлерінің сапында Ахмет Қорғанбекұлы Бірімжанов бар. Ол туралы мәліметтер осы күнге дейін мүлдем жоққа тән, тіпті зерттеушілер тарапынан бірде-бір мақала да жарияланған емес. Ал оның есімі Қазақстанның саяси тарихымен тікелей байланысты және тұңғыш қазақ заңгерлерімен бірге аталады [4, 152 б.].

Бірнеше жылдар бойы жүргізілген ғылыми ізденістердің барысында анықталған мәліметтерге сүйенетін болсақ, Ахмет Бірімжанов 1871 жылы Торғай уезінің Тұсын болысында ауқатты әулеттің шаңырағында дүниеге келген. Оның әкесі Қорғанбек елге танымал, ел билеген, от ауыз, орақ тілді, діни білім бар адам болған. Ахмет Бірімжанов Орынбор ерлер гимназиясын ойдағыдай бітіргеннен кейін 1896 жылы Қазақ университетінің заң факультетін II дәрежелі дипломмен аяқтаған. Университет қабырғасында Ахмет басқа студенттермен бірге демократиялық қозғалыстар мен студенттік шерулердің, астыртын ұйымдастырылған үйірмелердің куәгері болады, саяси жағынан шыңдала түседі.

1897 жылы қыркүйек айында Ахмет Бірімжанов Торғай облысының генерал-губернаторының атына арнайы өтініш білдіріп, қызмет тағайындауды өтінеді. Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архивінде осы мәселеге байланысты сақталып қалған мынадай дерек бар: «На устное заявление Вашем Превосходству желание мое поступить на службу в Тургайскую область. Ваше превосходительство выразили свое согласие принять меня на означенную службу». Ол 1906 жылға дейін Торғай облысының Ақтөбе уезінде сот болып қызмет атқарады. Ел арасында өзінің әділдігімен, сыпайылығымен және Еуропа мәдениетін бойына сіңірген қайраткер ретінде танылады [5, 220 б.].

Патша өкіметі 1905 жылы әйгілі «қанды жексенбі» күнінен кейін революциялық, демократиялық қозғалыстардың күшеюінен сескендіктен, халықтың бетін қайыру мақсатында Мемлекеттік Думаны құруға шешім қабылдағаны тарихтан белгілі. Міне, осы уақытта қазақ даласынан да депутаттар сайлана бастайды. Торғай облысының көпшілік халықтың қолдауымен, ел арасында үлкен беделге ие болған Ахмет Бірімжанов Ресейдің Мемлекеттік Думасына депутат болып сайланады. «Тургайская газета» деп аталатын басылым сайлау туралы былай деп жазды: «28 мая состоялись выборы в члены Государственной Думы от инородческого населения Тургайской области. Выборщики

съехались во всех уездах области, в числе 98 человек и избрали 95 шарами против 3, мирового судью 2 участка Актюбинского уезда Ахмета Курганбековича Беремжанова, из киргиз Тургайского уезда, Тусунской волости, из рода Аргын, 35 лет... Выборы эти можно считать единогласными, так как, по заявлению самых киргизов, два шара нелепо положены совершенно ошибочно. По оглашении результата выборы, г. Беремжанов был приветствован как выборщиками, так и собравшимся народом. В свою очередь благодарил оказанные ему честь и доверие, г. Беремжанов, как по нравственным, так и служебным качествам, как нельзя больше отвечать своему высокому призванию участвовать в служебной государственной работе» [6, 35 б.]

Атап айтқанда, Ахмет Бірімжанов – қазақ даласынан сайланған депутаттардың сапынан тұңғыштардың бірі болып қазақ жерін талан-таражға салған патша өкіметінің отарлық саясатынан қорғаудың арнайы тетіктерін іс жүзінде асыруды ұсынған қайраткер. Мемлекеттік Дума мәжілісінің бірінші сессиясында Ахмет Бірімжанов аграрлық комиссиясының құрамына қазақ халқына екі депутатты кіргізу қажеттігін ұсынады. Ондағы басты мақсаты – комиссияда қаралатын жер мәселелерін талқылауда қазақ халқының кең даласын отарлаудан қорғау, лек-лек болып ағылып келіп жатқандарды тоқтату болды. Тіпті, оның сөйлеген сөзіне Ресейдің ірі қоғам қайраткерлері де назар аударып, қолдау көрсеткенін аңғарамыз. Мысалы, Санкт-Петербург университетінің белгілі профессоры, ірі заңгер ғалым, депутат Л.И. Петражинский Ахмет Бірімжановтың пікіріне қолдау көрсетіп, былай деген еді: «Мен бұл жерде Дала облыстары мен Сібір өкілдерінің өтініштерін ынталық сезіммен қолдаймын». Бірақ іс жүзінде қазақ депутаттары Мемлекеттік Думаның аграрлық комиссиясына кіргізілген жоқ.

Патша өкіметі І Мемлекеттік Думаның демократиялық қозғалыстарына сескене қараған еді. Абсолюттік монархиялық басқарумен ғасырлар бойы халықты билеп-төстеген режим 1906 жылы 8 маусым Думаны таратып жіберді [7, 54 б.]

II Мемлекеттік Дума қалыптасқанда Ахмет Бірімжанов екінші рет Торғай облысынан депутат болып сайланады. Сол кезде Дума депутаттары хақында кітап жазып қалдырып кеткен зерттеуші М.М.Бойович Ахмет Бірімжанов туралы мынадай қысқаша мәлімет береді: «Тургайская область, Беремжанов Ахмет Курганбекович, родился 1871 года Ко.демократ. Киргиз Тусумской вол., Тургайского уезда. Окончил Оренбургскую гимназию и юридический факультет Казанского университета. Служил при Оренбургском окружном суде. Судебный следователь Троицкого, Оренбургского уезда. Мировой судья второго участка Актюбинского округа. Член Государственной Думы 1-го созыва».

Ресейдің өкілетті органы ретінде қалыптасқан бұл құрылымның өмірі де ұзаққа бармағаны тарихтан белгілі. Өзінің қызметін 1907 жылы 20 ақпанда бастаған Мемлекеттік Дума 3 маусымда патша өкіметінің жарлығымен қайтадан тарқатылған еді. Ахмет Бірімжанов қатарынан екі Мемлекеттік Думаға депутат болып сайланғаннан кейін Санкт-Петербург қаласында тұрды.

1916 жылы 25 маусымда патша өкіметінің арнайы жарлығымен 19-43 жас аралығындағы қазақтардан соғысқа қара жұмыс істеу үшін адамдар алатын жарлығы шыққан кезде Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов сияқты қазақ зиялыларымен бірге қажетсіз деп бағалады. Ондағы ойы, басты мақсаты қарусыз, соғыс өнерінен мүлдем ада, сауатсыз, бейбіт халықты орыс әскерінің қырғынынан, жазалау саясатынан аман-есен сақтап қалу болды. Осы мақсатта халық арасында қан төгіске бармау қажеттігін түсіндірді [8, 124 б.].

### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Қазақ Совет энциклопедиясы / бас ред. М.Қ. Қаратаев. – Алматы: «Қазақ Совет энциклопедиясының» Бас редакциясы, 1976. – 618 б.
2. Қазақ ССР қысқаша энциклопедиясы / Бас ред. Р.Н. Нұрғалиев. – Алматы: «Қазақ ССР қысқаша энциклопедиясының» Бас редакциясы, 1989. – 645 б.
3. Қазақстан Ұлттық энциклопедиясы / бас ред. Б. Аяған. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2006. – 704 б.

4. Құл-Мұхаммед М. Алаш қайраткерлері саяси-құқықтық көзқарастарының эволюциясы. – Алматы: «Атамұра», 1998. – 360 б.
5. Зұлқашева А.С., Қойгелдин М.Қ., Сүлейменова Ә.Т. Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. Алматы: «Ел-шежіре», 2007. 3-том. – 344 б.
6. Ж.Байішев. Қазақстан: мемлекеттілік кезеңдері. – Алматы: «Жеті жарғы», 1997. – 496 б.
7. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. 1-том. Өңделіп, толықтырылған екінші басылымы. – Алматы: «Мектеп» баспасы, 2008. – 480 б.
8. Тілешов Е. Алаш қозғалысы: Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Сардар», 2004. – 528 б.
9. Нұрпейіс Қ. Тарихи тұлғалар. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2007. – 376 б.

## **ВЛИЯНИЕ СОЦИАЛЬНЫХ СЕТЕЙ НА ФОРМИРОВАНИЕ СОВРЕМЕННОЙ МОЛОДЕЖИ КЫРГЫЗСТАНА**

**Байышева Б.Т.**, студентка 3-курса Кыргызско-Китайского факультета  
Руководитель, к.и.н. **Султанбаева М.Дж.**  
Ошский государственный университет, город Ош

Сложно представить современный мир без компьютеров, информационных технологий и интернета, так как они уже заняли особое место в жизни каждого человека. Появилась возможность общаться с родными и близкими, и даже видеться несмотря на расстояние, но, тем не менее, учёных всё больше беспокоит влияние социальных сетей на человека [1]. Так что же из себя представляет социальная сеть? Социальная сеть-ресурс предназначенный для обеспечения взаимного общения между людьми разного социального статуса, возраста, а также национальности. Принципы создания социальных сетей были изложены ещё в 1950-60 годах в теоретических работах математиков. Но полностью социальная сеть сформировалась в 1970 году и, только в 1971 году появилась технология электронной почты. Наиболее результативными можно назвать 2003-2004 годы, когда впервые появились многие значимые социальные ресурсы [2].

Самые популярные сайты: **Facebook, ВКонтакте, Одноклассники, Twitter, Google Plus, Instagram** и т.д.

Какие возможности предоставляют социальные сети для пользователей.

### **1) Общение.**

Социальные сети хорошо подходят для поиска старых друзей или же родственников, с которыми давно не поддерживали связь.

### **2) Знакомство.**

Современная молодежь нередко заводит отношения, а также знакомятся с людьми в социальных сетях.

Удобство социальных сетей заключается в том, что всё это как-то собранно в одном месте, то есть можно за короткое время можно узнать новости обо всём, о друзьях, родственниках и знакомых, а также, что немало важно, можно рассказывать о себе.

### **3) Создание виртуального представительства.**

Социальные сети используются не только частными лицами, но и компаниями, а наличие собственных страниц позволяет сформировать необходимый имидж для компании, подать товарные услуги в выгодном свете. С другой стороны, если не следить за контентом, который публикуется на странице, то можно добиться и обратного результата. Но, для компании, которые предоставляют товарные услуги обществу - это очень хорошая возможность узнать мнение клиентов.

### **4) Реклама в социальных сетях:**

- 1) Раскрутка бренда и повышение узнаваемости;